

"Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 129 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 7 ақпандағы № 18 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 8 ақпанда № 31874 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 129 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9938 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларында:

2-тармақтың 54) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"54) пилоттық жоба – Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген Астана қаласында, Жамбыл және Солтүстік Қазақстан облыстарында денсаулық сақтау, білім беру, тұрғын үй құрылысы салаларындағы объектілерді салу бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы шеңберінде іске асыру жоспарланып отырған инвестициялық жоба;"

14-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Қағидалардың 6-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға ББӘ – мемлекеттік органның бірінші басшысы не оны алмастыратын адам, не ББӘ – мемлекеттік органның бірінші басшысы уәкілеттік берген адам қол қояды."

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. ББӘ осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды қамтитын МИЖ инвестициялық ұсыныстарын қалыптастырады және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі үшін құжаттар электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы беріледі.

Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі болмаған жағдайда, инвестициялық ұсыныс қағаз жеткізгіште енгізіледі. Инвестициялық ұсыныстың әр парағына қол қойылады не тігіледі, нөмірленеді және инвестициялық ұсынысты әзірлеуге жауапты ББӘ құрылымдық бөлімшесі басшысының қолымен расталады.

16. Экономикалық қорытынды дайындау үшін осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес қажет құжаттардың толық топтамасы болмаған жағдайда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган МИЖ инвестициялық ұсынысын ББӘ-ге қайтарады.";

127-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"127. "Стратегиялық алғышарттар" тарауы оларды іске асыру үшін Инвестициялар жоспарланатын стратегиялық құжаттар туралы ақпаратты (елдегі жағдай және Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауы, нормативтік құқықтық актілер, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары, бюджеттік бағдарлама, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы) қамтиды.";

136-3-тармақтың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"адамның тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) (ұйымның атауын);";

148-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"148. Бір квазимемлекеттік сектор субъектісінің бір және одан көп ҚЭН-ін іске асыру қорытындылары бойынша бюджет қаражатын үнемдеу түрінде қалыптасқан қолма-қол ақшаның бақылау шоттарындағы, ағымдағы шоттарындағы пайдаланылмаған қалдықтарды жаңа жобаны (ларды) іске асыруға бағыттаған жағдайда Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен жаңа БИ ҚЭН әзірлеу талап етіледі.";

182-38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"182-38. Институционалдық бөлімде жобаны басқарудың ұсынылатын тиімді схемасы, олардың функциялары, олардың өзара іс-қимыл тәртібі сипатталады, бұл ретте схема кредиттік шарт жасасатын негізгі қатысушылар деңгейіне дейін сипатталады.

Осы бөлім мыналарды:

1) қаржы схемасының әрбір қатысушысы бойынша ақпаратты, сондай-ақ ақша ағындарының сомалары мен бағыттарын көрсете отырып, іс-шараларды іске асырудың қаржылық схемасын;

2) бюджеттік кредиттің ҚЭН-і бойынша іс-шараларды іске асыру жоспарланатын жобаның стратегиялық алғышарттары туралы ақпарат (елдегі жағдай және Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауы, нормативтік құқықтық актілер, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары).";

182-46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"182-46. Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды тұлғаның бюджеттік кредит ҚЭН-нің, оның ішінде түзетілгенінің экономикалық сараптамасы бюджеттік кредиттің ҚЭН-і бойынша, оның ішінде түзетілгені бойынша құжаттар топтамасы ұсынылған күннен бастап 26 (жиырма алты) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Бюджеттік кредит ҚЭН-нің экономикалық сараптамасы ұсынылған бюджеттік кредит ҚЭН-нің, уәкілетті органдардың оң салалық қорытындыларының, мамандандырылған ұйымның атқарушы органының оң шешімінің және жобаның ерекшелігіне байланысты талап етілетін сараптамалардың тиісті оң қорытындыларының негізінде жүргізіледі.

Экономикалық сараптама ҚЭН-нің, уәкілетті органдардың оң салалық қорытындыларының, мамандандырылған ұйымның атқарушы органының оң шешімінің негізінде мамандандырылған ұйымның жоба бойынша бюджеттік кредиттің сұрау салған сомасына ғана жүргізіледі.

Жүргізілген сараптамаларда және/немесе тәуелсіз сараптамада, сондай-ақ берілген құжаттамада қамтылмаған немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша ақпарат ұсыну және (немесе) қосымша сараптама жүргізу қажет болған жағдайда, бюджеттік кредит ҚЭН-нің, оның ішінде түзетілген ҚЭН-нің экономикалық сараптамасын, жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар айқындаған тиісті заңды тұлғалар тиісті ақпаратты сұратады және (немесе) қосымша сараптамалар жүргізуді сұрайды.

Қосымша ақпаратқа қатысушылардың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органға бюджеттік кредит ҚЭН-нің, оның ішінде түзетілгенін ҚЭН-ін енгізуі алдындағы айдың соңғы күніне жасалған қаржылық есептілігі, сондай-ақ қаржылық есептілікке түсіндірме жазбалар жатады.

Қосымша сараптамаларға:

- 1) кешенді ведомстводан тыс сараптама;
- 2) уәкілетті мемлекеттік органның салалық сараптамасы жатады.

Қажетті ақпаратты ұсыну және/немесе жүргізілген сараптамаларда қамтылмаған немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша сараптамалар жүргізу бойынша сұрау салулар тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне, сұрау салудың көшірмесі - осы Қағидалардың 182-36-тармағында көрсетілген құжаттардың толық

топтамасы түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға жіберіледі.

ББӘ ресми хат түрінде сұрау салу түскен сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде қажетті ақпаратты бюджеттік кредит ҚЭН-нің, оның ішінде түзетілген ҚЭН-нің экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы органдар айқындаған заңды тұлғаға ұсынады.

Экономикалық сараптама жүргізу мерзімі ұзартылған жағдайда, бюджеттік кредит ҚЭН-нің, оның ішінде түзетілгенін ҚЭН-нің экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар айқындаған заңды тұлға ББӘ хатын қоса бере отырып, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға экономикалық сараптама жүргізудің ұзартылғаны туралы хабарлайды.

Сұрау салу жіберілген күннен бастап және қажетті ақпарат ұсынылғанға дейін экономикалық сараптама жүргізу мерзімі тоқтатыла тұрады.

Бюджеттік кредит ҚЭН-нің, оның ішінде түзетілген ҚЭН-нің экономикалық сараптамасының нәтижесі оң қорытынды немесе теріс қорытынды немесе пысықтауға жіберілген қорытынды болып табылады.";

182-55-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"182-55. Мемлекеттің әлеуметтік саясат міндеттерін шешуге бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің тиісті құжатын келісу немесе бюджеттік кредит беру арқылы қаржыландыруға жоспарланған іс-шараларды көздейтін осы Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы, жергілікті атқарушы органдар ұсынатын мынадай құжаттардың негізінде жүзеге асырылады:";

182-56-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"182-56. Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжатының жобасы, сондай-ақ бюджеттік кредиттеу арқылы қаржыландыруға жоспарланған іс-шаралар көзделетін осы мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжатына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, бюджет комиссиясына шығарылуға тиіс.";

191-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"191. Қажетті ақпаратты республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (он) күніне дейін қазақ және орыс тілдерінде, қағаз және электрондық жеткізгіштерде тоқсан сайын дайындайды және мыналарды қамтиды.";

193-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"193. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асырылатын

жергілікті БИЖ-дер бойынша жылдық мониторингті қазақ және орыс тілдерінде жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 10 наурызынан кешіктірмей тиісті орталық мемлекеттік органға ұсынады.";

194-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"194. Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асырылатын республикалық БИЖ және жергілікті БИЖ бойынша жылдық мониторингті республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қазақ және орыс тілдерінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға , оның ішінде электрондық порталға жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей ұсынады.";

195-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"195. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын БИЖ-ді іске асыру барысы туралы жылдық мониторингті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган қазақ және орыс тілдерінде дайындайды және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктеріне жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей ұсынады.";

201-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"201. БИЖ-дің іске асырылуына бағалау жүргізу үшін ақпарат қазақ және орыс тілдерінде мынадай есептілік құрамында ұсынылады:";

205-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"205. Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын жергілікті БИЖ-дің және Инвестициялардың іске асырылуын бағалау жөніндегі ақпаратты жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері есепті жылдан кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей тиісті орталық мемлекеттік органға қазақ және орыс тілдерінде ұсынады.";

209-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"209. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлға БИЖ-дің және Инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізеді және ақпаратты есепті жылдан кейінгі жылдың 10 шілдесіне дейін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға қазақ және орыс тілдерінде ұсынады.";

214-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) инвестициялар есебінен заңды тұлға іске асыратын іс-шаралар нәтижелерінің нақты қол жеткізілген көрсеткіштерін және Инвестициялар ҚЭН-інде және (немесе) мемлекеттік органдардың даму жоспарларында және (немесе) заңды тұлғаларды стратегиялық даму құжаттарында жоспарланған тиісті нәтижелерді, сондай-ақ оларға қол жеткізбеу себептерін салыстыру арқылы әрбір кезеңде қол жеткізілген іске асыру көлемдері мен шығындарды талдау.";

220, 221 және 222-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"220. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асырылатын Инвестициялардың іске асырылуы бойынша жылдық мониторингті қазақ және орыс тілдерінде, жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 20 наурызынан кешіктірмей тиісті орталық мемлекеттік органға ұсынады.

221. Республикалық Инвестициялар мен республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асырылатын Инвестициялардың іске асырылуы бойынша жылдық мониторингті республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға қазақ және орыс тілдерінде жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 20 сәуірінен кешіктірмей ұсынады.

222. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын Инвестициялардың іске асырылу барысы туралы жылдық мониторингті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган қазақ және орыс тілдерінде дайындайды және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктеріне жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 20 сәуірінен кешіктірмей ұсынады.";

1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

7-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

15-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

18 және 18-1-қосымшалар осы бұйрыққа 4 және 5-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

30-қосымша осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Инвестициялық саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі*

А. Куантыров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрінің
2023 жылғы 7 ақпандағы
№ 18
Бұйрыққа 1-қосымша
Мемлекеттік инвестициялық
жобаның инвестициялық
ұсынысын әзірлеу немесе
түзету, оған қажетті
сараптамаларды жүргізу,
сондай-ақ бюджеттік
инвестицияларды жоспарлау,
қарау, іріктеу, іске асырылуын
мониторингілеу және бағалау
және бюджеттік кредиттеудің
орындылығын айқындау
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

"Инвестициялық ұсыныстың ақпараттық парағы"

1. Бюджеттік бағдарлама әкімшісі және іске асыруға ұсынылатын мемлекеттік инвестициялық жоба (бұдан әрі – МИЖ) жөніндегі деректер

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі _____

МИЖ атауы _____

МИЖ іске асыру көзделген мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларының, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларының, Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің орындаудың атауы (нақты тармақтарға сілтемелер).

Инвестицияларды алушы (болған жағдайда) заңды тұлғаның атауы

МИЖ іске асыру кезеңі (белгісіз болса, жобалап көрсетіңіз):

Іске асырудың ұзақтығы: _____ ай

МИЖ іске асырудың басталуы: жыл: _____ ай: _____

МИЖ іске асырудың болжамды аяқталуы: жыл: _____ ай: _____

МИЖ-дің пайдаланылу (қызмет ету) кезеңі

МИЖ-дің жалпы құны: _____ мың теңге, оның ішінде (қажет жағдайда толтырылады):

Техникалық-экономикалық негіздеме (бұдан әрі – ТЭН) әзірлеу құны: _____ мың теңге

ТЭН түзету құны: _____ мың теңге

Объектіні ұстауға арналған жыл сайынғы шығындар, сондай-ақ инвестициядан кейінгі кезең (қаржыландыру көзін көрсете отырып)

МИЖ-ді іске асырылатын жері:

(МИЖ-дің, оның негізгі құрамдауыштарының іске асырылатын жері мен МИЖ бойынша шығындардың өңірлерге бөлінуін көрсетіңіз)

1) Елді мекен (ауыл, аудан, қала, облыс, ел)

2) Баланс ұстаушы* (қажет жағдайда толтырылады)

3) МИЖ үшін бөлінген жердің болуы* (қажет жағдайда толтырылады)

иә (жер учаскесі мен сол орында тұрған жылжымайтын мүліктің берілгені жөніндегі шешімнің нөмірі мен күні көрсетіледі);

жоқ (жер учаскесін сатып алу үшін қажетті сома көрсетіледі).

4) инженерлік-көліктік инфрақұрылымның (теміржол магистральдары, автомобиль жолдары, құбырлар, электр-, жылу желілері, су құбырлары, газ құбырлары және басқа да инфрақұрылымның) болуы:

иә (қандай екені көрсетіледі);

жоқ (қосымша қанша шығын қажет екені көрсетіледі)

Ескертпе:

* жаңа объект құрылған (салынған) жағдайда, болашақ меншік иесі көрсетіледі, реконструкцияланған жағдайда қазіргі меншік иесі көрсетіледі

2. Ретроспектива (МИЖ бойынша бұрын бөлінген және игерілген қаражат туралы, оның ішінде ағымдағы бағдарламалар бойынша ақпарат)

Атауы		Инвестициялар жүзеге асырылатын жылдың алдындағы жылдар				
Бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) нөмірі		жылы	жылы	жылы	жылы	жылы
Бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы						
Бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) сипаттамасы						
Стратегиялық бағыты	нөмірі					
	атауы					
Мақсаты	нөмірі					
	атауы					
Міндеті	нөмірі					
	атауы					
Бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) сомасы, мың. теңге						
Бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарламаны) бекітілген нормативтік құқықтық акт	түрі					
	қабылданған күні					

Нәтижесі	P/c №	Нысаналы индикатор	нөмірі						
			Өлшем бірлігі	жоспар	нақты	жоспар	нақты	жоспар	нақты
Тікелей нәтиже (с а н көрсеткіштері)	1.								
	...								
Түпкілікті нәтиже (нәтиже көрсеткіштері)	№								
	1.								
	...								
	№								

3. Саланың маркетингтік талдауы

1) объектілерді құру (салу) мен реконструкциялауды, сондай-ақ ақпараттандыру объектілерін құру мен дамытуды болжайтын МИЖ үшін қаралып отырған өңірде жобада (жобалар) болжанған өнімдерге (тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) қазіргі кездегі және перспективадағы сұранысты не жобаның әлеуметтік-экономикалық қажеттілігін талдауды көрсетеді.

2) квазимемлекеттік сектор субъектілерін жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту арқылы саланы (салаларды) институционалдық дамытуды болжайтын МИЖ үшін іс-шараларды іске асыру ықпал ететін негізгі көрсеткіштер мен даму серпінін көрсете отырып, іс-шараларды іске асыру болжанатын маркетингтік ортаны талдауды көрсетеді.

4. Іске асырылуы болжанатын МИЖ-дің жалпы сипаттамасы (МИЖ-ді жалпы сипаттау басымдылық тәртібінде жеке (жоба бойынша) баяндалады.

МИЖ-дің мақсаты мен міндеттері:

1) мақсат (мақсат Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында белгіленген экономика саласын (аясын) дамытудың неғұрлым кең міндеттерін/басымдықтарын көрсетуге тиіс);

2) сандық есептер (жобаның ауқымын анықтауға болатын жобаның сандық өлшенетін есептерін көрсетіңіз. Белгілі бір сандық көрсеткіштерді көрсетіңіз, мысалы, жобалық қуат және басқалар);

3) тікелей және түпкілікті нәтижелер (жобаны іске асыру нәтижесінде оларды алушылар үшін өндірілетін өнімнің/көрсетілетін қызметтің әсері, сондай-ақ бизнес субъектілеріне (оның ішінде шағын және орта бизнеске) әсер ету, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік органдары тиімділігінің түйінді көрсеткіштері негізінде жобаны іске асырудан экономикалық және әлеуметтік қайтарымның ұзақ мерзімді көрсеткіштеріне қол жеткізу).

Жобаның негіздемесі: (осы жобаны іске асыру қажеттілігін негіздеу; жобаны іске асырған жағдайда осы саланың көрсеткіші қаншалықты көтерілетіндігін көрсету).

Ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған бюджеттік инвестициялық жобалар үшін:

инвестициялық және пайдалану кезеңдерінде іске асырудың әрбір нұсқасы құнының есептеулері мен негіздемелерін келтіре отырып, кемінде 2 іске асыру нұсқасын көрсетіңіз;

осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес жобаны іске асыру нұсқасын оңтайлы таңдауды негіздеу үшін әрбір нұсқа бойынша ең аз шығындарға талдау жүргізу.

МИЖ сипаттамасы:

(1 және 2-кестеге сәйкес жобаның және оның барлық іс-шаралары мен құрамдауыштар мазмұнын сипаттаңыз)

1-кесте

Іс-шараларды іске асыру кезеңі мен құны					
№	Іс-шаралар мен құрамдауыштар атауы	Кезеңі	Кезеңі	Кезеңі	Жиыны
		құны	құны	құны	
1.					
1)					
2)					
2.					
1)					
2)					
Жиыны					

2-кесте

№	Жекелеген құрамдауыштар мен іске асыру кезеңдері	Сандық көрсеткіштер		
		Өлшем бірлігі	Жоба бойынша	Құны (мың теңге)
1.				
1)				
2)				
2.				
1)				
2)				
Жиыны				

5. МИЖ-ді институционалдық басқару схемасы

Негізгі қатысушыларды сипаттау, олардың өзара іс-қимыл схемасы, пайдалар мен шығындарды бөлу, инвестициялық және инвестициядан кейінгі кезеңдерде жобаны басқару схемасы, сондай-ақ пайда алушылар (жобаның іске асырылуынан пайда табатын нысаналы топтар мен адамдар санын көрсетіңіз);

6. Әлеуметтік және экологиялық әсері:

(жобаның қоршаған орта мен тұрғындарға әсер етуін қысқаша сипаттаңыз)

Тұрғындардың жұмыспен қамтылуына әсері (жобаның іске асырылуына тікелей немесе жанама қатысатын адамдар санын бағалауды ұсыныңыз).

7. МИЖ-ді қаржыландырудың ықтимал түрлері мен тәсілдері бойынша іске асырудың балама нұсқалары.

Тиісті негізделген есептерді қоса бере отырып, қаржыландырудың мынадай түрлері мен тәсілдері бойынша МИЖ-ді іске асыру мүмкіндігін (мүмкін еместігін) жазыңыз:

1) бюджеттік инвестициялық жоба (көзделген бюджет қаражаты шегінде орындалатын мемлекеттік функциялардың, өкілеттіктер мен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көлемінің сандық сипаттамасы, оларға қол жеткізу аталған функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе қызметтер көрсететін ұйымның қызметіне толық байланысты болады, теңгерім ұстаушысы тікелей бюджеттік бағдарлама әкімшісі болып табылатын әлеуметтік-экономикалық әсердің болуы);

2) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланатын бюджеттік инвестициялар (көзделген бюджет қаражаты шегінде орындалатын мемлекеттік функциялардың, өкілеттіктер мен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көлемінің сандық сипаттамасы, оларға қол жеткізу аталған функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе қызметтер көрсететін ұйымның қызметіне толық байланысты болады және/немесе Инвестицияларды алушының белгілі бір көлемде және сапада өнім өндіруі);

3) бюджеттік кредит (ақпаратты бюджеттік кредиттеу қағидаттарына сәйкестігі тұрғысынан көрсету, оның ішінде:

бюджеттік кредитті кредит шартына сәйкес өтеу міндеттілігін көздейтін қайтарымдылық;

міндеттемелердің орындалуын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәсілдермен қамтамасыз етудің болуы көзделген қамтамасыз етілу;

бюджеттік кредитті бергені үшін қарыз алушының сыйақы төлеуі көзделген ақылылық;

бюджеттік кредитті беру мерзімін белгілеуді көздейтін мерзімділік);

4) мемлекеттік жекешелік-әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) жобасы, оның ішінде концессиялық жоба (сәйкестікке қатысты ақпаратты көрсету):

"Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" және "Концессиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген МЖӘ, оның ішінде концессия қағидаттарын сақтау;

жобаны МЖӘ, оның ішінде концессия схемасы бойынша іске асырудың әлеуметтік тиімділігі;

жобаны МЖӘ, оның ішінде концессия схемасы бойынша іске асырудың экономикалық тиімділігі;

МЖӘ, оның ішінде концессия схемасы бойынша ұсынылатын шешімдердің негізделуі);

5) жеке инвестициялар (ақпаратты МИЖ-дің жоғары өтімділігіне сәйкестігі тұрғысынан көрсету).

8. Ақпараттандыру объектісін құруға және дамытуға бағытталған бюджеттік инвестициялық жоба үшін болжанатын техникалық-технологиялық шешімдердің сипаттамасы мен негіздемесі:

1) жоба ауқымының сипаттамасы және жоба қуатының есептік негіздемесі, жоба қуатын игеру серпіні;

2) технологиялар мен жабдықтарды таңдау негіздемесі, пайдаланылатын жабдықпен технологиялық үйлесімділік, баға-сапа оңтайлы арақатынасы, технологиялар мен жабдықтарды таңдаудың балама нұсқалары, инновациялық жабдықты қолдану, жобада сапа стандарттарын пайдалану туралы ақпарат;

3) жобаның құрамдауыштары бойынша қаржыландыруды бөле отырып, жобаны іске асыру кестесі (оның ішінде технологиялық кезеңдер бойынша);

4) автоматтандырылған функциялар, процестер және оларды тұтынушылар тізбесі (use-case схемасы);

5) телекоммуникация схемасы және байланыс арналарына қойылатын талаптар, жобаның ауқымы мен қуатының сандық көрсеткіштері негізінде есептеу қуаттары мен сақтау көлемдеріне және есептеу құралдарының санына қойылатын талаптардың негіздемесі;

6) жүйе архитектурасының, жүйе құрамдауыштарының және олардың өзара байланысының жалпы сипаттамасы;

7) жобаны іске асыру нәтижесінде өзекті болмай қалуы мүмкін мемлекеттік ақпараттандыру объектілерін және олардың құрамдауыштарын көрсету;

8) сыртқы ақпараттық жүйелермен интеграцияны көрсету;

9) ақпараттық қауіпсіздік талаптарын көрсету.

Инвестициялық ұсыныстың осы бөлімінде салыстырмалы талдау жүргізілетін және таңдап алынған нұсқаның негіздемесі ұсынылатын жобаның мақсатына және нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізудің кемінде екі ықтимал нұсқасы көрсетіледі.

Байланысатын адамның деректемелері

Тегі, аты, әкесінің аты

(болған жағдайда): _____

— Лауазымы: _____

— Бөлімше/ұйым: _____

—

Мекенжайы: _____

Байланыс телефоны: _____

Электрондық пошта: _____

Мөрдiң орны (болған жағдайда) _____

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, қолы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрінің
2023 жылғы 7 ақпандағы
№ 18
Бұйрыққа 2-қосымша
Мемлекеттік инвестициялық
жобаның инвестициялық
ұсынысын әзірлеу немесе
түзету, оған қажетті
сараптамаларды жүргізу,
сондай-ақ бюджеттік
инвестицияларды жоспарлау,
қарау, іріктеу, іске асырылуын
мониторингілеу және бағалау
және бюджеттік кредиттеудің
орындылығын айқындау
қағидаларына
7-қосымша
Нысаны

" _____ жобасының қаржы-экономикалық моделінің базалық
параметрлері"

Р/с №	Параметр атауы	Параметр мәні	Негіздеме
1.	2	3	4
2.	Жобаның жалпы құны	мың теңге	
3.	Инвестициялық кезең	жыл-жыл	
4.	Инвестициядан кейінгі кезең	%	
5.	Инфляция деңгейі	%	
6.	Салық мөлшерлемелері	%	
7.	Амортизация нормалары		
8.	Салалық көрсеткіштер		
9.	Макроэкономикалық индикаторлар		
10.	Басқа		

Ескертпе:

4-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерін есептеуде қолданылатын ТЭН әзірлеу кезіндегі (бірақ 6 айдан аспайтын) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесі көрсетіледі.

5-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерін есептеуде қолданылатын Қазақстан Республикасының ақша-кредит саясаты көрсеткіштерінің және/немесе макроэкономикалық көрсеткіштерінің орта мерзімді болжамына сәйкес инфляция деңгейі көрсетіледі. Бұл ретте одан кейінгі инвестициялаудан кейінгі кезең ішінде Қазақстан Республикасының ақша-кредит саясаты көрсеткіштерінің/немесе макроэкономикалық көрсеткіштерінің орта мерзімді болжамына сәйкес көрсетілген соңғы жылғы инфляция деңгейі қабылданады.

6-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерін есептеуде қолданылатын ТЭН әзірлеу кезіндегі Қазақстан Республикасының қолданыстағы Салық кодексіне сәйкес салық мөлшерлемелері көрсетіледі.

7-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерін есептеуде қолданылатын ТЭН әзірлеу кезінде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес амортизация нормалары көрсетіледі.

8-жолда мынадай сипаттамаларға жауап беретін қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерін есептеуде қолданылатын көрсеткіштер көрсетіледі:

Ұлттық шоттар жүйесінде деректердің болуы;

нысаналы мәндердің, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының, оның ішінде мемлекеттік органның стратегиялық құжаттарының болуы.

9-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерін есептеуде қолданылатын Қазақстан Республикасының макроэкономикалық көрсеткіштерінің орта мерзімді болжамына сәйкес макроэкономикалық индикаторлардың мәндері көрсетіледі. Сондай-ақ экономиканың макроэкономикалық дамуының негізгі немесе интеграцияланған индикаторын (оны ұсыну мүмкін болған жағдайда) қолдануға болады. Мысалы, ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі, өнеркәсіп өнімінің көлемі, мұнайдың әлемдік бағасы (Brent қоспасы) және басқалары.

10-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерін есептеуде қолданылатын басқа да көрсеткіштер (параметрлер) көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрінің
2023 жылғы 7 ақпандағы
№ 18
Бұйрыққа 3-қосымша
Мемлекеттік инвестициялық
жобаның инвестициялық
ұсынысын әзірлеу немесе
түзету, оған қажетті
сараптамаларды жүргізу,

сондай-ақ бюджеттік
инвестицияларды жоспарлау,
қарау, іріктеу, іске асырылуын
мониторингілеу және бағалау
және бюджеттік кредиттеудің
орындылығын айқындау
қағидаларына
15-қосымша
Нысан

"Бюджеттік инвестициялық жобаның экономикалық қорытындысы"

1.	Жобаның атауы
2.	Жобаның қуаты (өлшем бірлігі)
3.	Құрылыс мерзімі (құрылу) (жылы)
4.	Пайдалану мерзімі (жыл)
5.	Өтелімділік мерзімі (тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатудан түскен тікелей ақша қаражаты ағындарын алуға әкеп соқпайтын жобаларды қоспағанда) (жылы)
6.	Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының ережелеріне, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларына, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларына, Қазақстан Республикасы заңнамалық актілері нормаларының орындалуына сәйкестігі (құжаттың деректемелерін көрсету)
7.	Мемлекеттік органның даму жоспарында айқындалған нәтижелер көрсеткіштері
8.	Жобаның құны (пайдалануға беруге дейінгі барлық шығындар) (мың теңге)
9.	Жерді сатып алу құны (мың теңге)
10.	Қаржыландыру көздері (мың теңге)
11.	Жоба бойынша құжаттаманың құрамы, оның ішінде экономикалық сараптама жүргізуге уәкілетті заңды тұлғаның экономикалық сараптамасының қорытындысы (экономикалық қорытындыны дайындау кезінде назарға алынған құжаттар мен материалдарды; ұсынылған құжаттардың құрамына ескертулерді көрсету)
12.	Техникалық-технологиялық шешімдерді бағалау
13.	Институционалдық шешімдерді бағалау
14.	Тәуекелдерді бағалау
15.	Әлеуметтік әсерді бағалау

Қорытынды: (саланы дамытудың стратегиялық бағыттарын орындауға жобаның теріс немесе оң әсері көрсетіледі).

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика
 министрінің
 2023 жылғы 7 ақпандағы
 № 18
 Бұйрыққа 4-қосымша
 Мемлекеттік инвестициялық
 жобаның инвестициялық
 ұсынысын әзірлеу
 немесе түзету, оған қажетті
 сараптамаларды жүргізу,
 сондай-ақ бюджеттік
 инвестицияларды жоспарлау,
 қарау, іріктеу, іске асырылуын
 мониторингілеу және бағалау
 және бюджеттік кредиттеудің
 орындылығын айқындау
 қағидаларына
 18-қосымша
 Нысаны

"Қатысушылар туралы ақпарат"

№	Қатысушылар					
№	Қатысушының атауы					
1.	Мекен-жайы	деректемелер	заңды			нақты
2.		Индексі				
3.		Облысы				
4.		Қала (кент)				
5.		Көше (шағын аудан)				
6.		Үй				
7.		офис				
8.	АҚ акционер(лер)і (не ЖШС заңды тұлға-қатысушысының қатысушы(лар)ы (бюджеттік инвестициялар болған жағдайда) немесе қаржылық схема (бюджеттік кредиттеу болған жағдайда) қатысушысы					
9.	Қаржылық схема қатысушысының мемлекеттік акциялар пакетін (жарғылық капиталына қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік органның атауы					
10.	құру туралы шешім қабылдаған орган	атауы	құжаттың №	қабылданған күні		
				күні (КК)	айы (АА)	жылы (ЖЖЖЖ)
11.
12.				...		
13.	Қызметтің түрі (Жарғыға сәйкес)			...		

14.						...		
15.	Стратегиялық даму құжатының атауы	Стратегиялық құжатты бекіткен орган	атауы	№	стратегиялық даму құжаты бекітілген құжат			
16.					қабылданған күні			
17.					күні (КК)	айы (АА)	жылы (ЖЖЖЖ)	
18.

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика
 министрінің
 2023 жылғы 7 ақпандағы
 № 18
 Бұйрыққа 5-қосымша
 Мемлекеттік инвестициялық
 жобаның инвестициялық
 ұсынысын әзірлеу
 немесе түзету, оған қажетті
 сараптамаларды жүргізу,
 сондай-ақ бюджеттік
 инвестицияларды жоспарлау,
 қарау, іріктеу, іске асырылуын
 мониторингілеу және бағалау
 және бюджеттік кредиттеудің
 орындылығын айқындау
 қағидаларына
 18-1-қосымша
 Нысан

"Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің салалық картасы"

№	Жобаның атауы	Іс-шаралардың/ құрамдауыштардың атаулары	Жобаның тапсырыс берушісі	Қатысушылардың (инвестиция алушы) атаулары	Қазақстан Республикасы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары	Экономика секторы	Жобаны іске асыруды бастау	Жобаны іске асыру кезеңі
Квзимемлекеттік сектордың іске асырылған инвестициялық жобалары (10 жыл ішінде)								
Квзимемлекеттік сектордың іске асырылатын инвестициялық жобалары								
Квзимемлекеттік сектордың іске асырылуы жоспарланған инвестициялық жобалары (5 жыл ішінде)								

Кестенің жалғасы

Жобаның аяқталу күні	Жобаны іске асыру орны	Жобаның тиімділігінің көрсеткіші	Жобаның өтелу мерзімі	Нәтижелері	Жобаның құны (мың теңге)	Қаржыландыру көзі				Ескертпе	
											Басқалары (қаржы)

						Респу блика лық бюдж ет	Жергі лікті бюдж ет	Ұлтты қ қор	Қарыз қараж аты	Менш ікті қараж ат	ланды р у көзін көрсет у)
Квазимемлекеттік сектордың іске асырылған инвестициялық жобалары (10 жыл ішінде)											
Квазимемлекеттік сектордың іске асырылып жатқан инвестициялық жобалары											
Квазимемлекеттік сектордың іске асыруға жоспарланған инвестициялық жобалары (5 жыл ішінде)											

Ескертпе:

Жобаның атауы бағанында жобаның атауы көрсетіледі.

Іс-шаралардың/құрамдауыштардың атауы бағанында жоба іс-шараларының атауы көрсетіледі.

Тараулардың саны мен атауы қаржы-экономикалық негіздемелерде (егер қаржыландыру көзі республикалық не жергілікті бюджет, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты болған жағдайда) не заңды тұлғаны дамыту жоспарында (қаржыландыру көзі қарыз қаражаты не меншікті қаражат болған жағдайда) көрсетілген және жоба активтерін сатып алуды көздейтін іс-шаралардың саны мен атауына сәйкес келуге тиіс.

"Жобаның тапсырыс берушісі" деген бағанда жауапты мемлекеттік органның – бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің (егер қаржыландыру көзі республикалық не жергілікті бюджет, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты болған жағдайда) не заңды тұлғаның (қаржыландыру көзі қарыз не меншікті қаражат болып табылған жағдайда) атауы көрсетіледі.

Қатысушылардың атауы (инвестицияларды алушы) бағанында квазимемлекеттік сектор субъектісінің атауы, сондай-ақ қаражат бөлінген/бөлініп жатқан/бөлінетін инвестициялардың түпкілікті алушылары көрсетіледі.

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары" деген бағанда жобаны іске асыру шеңберінде көзделген Қазақстан Республикасы мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының атауы (егер қаржыландыру көзі республикалық не жергілікті бюджет, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты болған жағдайда) көрсетіледі.

"Экономика секторы" деген бағанда жобаны іске асыру әсер ететін экономика саласының атауы көрсетіледі.

"Жобаны іске асырудың басталуы" бағанында жобаны іске асырудың басталу күні көрсетіледі.

"Жобаны іске асыру сатысы" деген бағанда ақпаратты ұсыну кезіндегі жоба бойынша ағымдағы жағдай көрсетіледі.

"Жобаның аяқталу күні" деген бағанда аяқталған жобалар бойынша жобаның аяқталу күні немесе іске асырылатын және іске асыруға жоспарланған жобалар бойынша жоспарланған аяқталу күні көрсетіледі.

"Жобаны іске асыру орны" деген бағанда жобаны іске асыру/іске асыру/іске асыру жоспарланған елді мекен және мекенжай көрсетіледі.

"Жоба тиімділігінің көрсеткіштері" деген бағанда жобаны іске асыруға жұмсалған шығындар мен оның нәтижелерінің арақатынасы көрсетіледі.

"Жобаның өзін-өзі ақтау мерзімі" бағанында инвестициялармен жинақталатын кірістер инвестицияларға арналған шығындарды жабуға қажетті уақыт кезеңі көрсетіледі (тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатудан тікелей ақша ағындарын алуды көздемейтін жобаларды қоспағанда).

"Нәтижелер" деген бағанда даму жоспарында және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің және (немесе) бюджеттік бағдарламалардың құжаттарында (Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатына) іске асыру жөніндегі мемлекеттік органның қызметін сипаттайтын нысаналы индикаторлар, тікелей және түпкілікті нәтижелер көрсетіледі.

"Жобаның құны (мың теңге)" деген бағанда қаржыландырудың барлық көздерін ескере отырып, жобаның жалпы құны көрсетіледі.

"Қаржыландыру көзі (мың теңге)" бағанында бөлінген/бөлініп жатқан/бөлінетін қаражат шеңберінде қаржыландыру көзінің тиісті бағанында қаражат көрсетіледі.

"Ескертпе" деген бағанда жобаның тиімділік көрсеткіштері мен нәтижелеріне қол жеткізілмеген, сондай-ақ жобаны іске асыру мерзімдері үзілген жағдайда, олардың себептері мен қолданылатын шаралар (егер қаржыландыру көзі республикалық не жергілікті бюджет, Республика ұлттық қорының қаражаты болып табылған жағдайда) көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрінің
2023 жылғы 7 ақпандағы
№ 18
Бұйрыққа 6-қосымша
Мемлекеттік инвестициялық
жобаның инвестициялық
ұсынысын әзірлеу
немесе түзету, оған қажетті
сараптамаларды жүргізу,
сондай-ақ бюджеттік
инвестицияларды жоспарлау,
қарау, іріктеу, іске асырылуын
мониторингілеу және бағалау
және бюджеттік кредиттеудің
орындылығын айқындау
қағидаларына
30-қосымша
Нысаны

"20 __ жылғы _____ бюджеттік инвестициялық жобалардың
(кезең көрсетіледі) мониторингі бойынша есепке жиынтық анықтама" _____

_____ (республикалық бюджеттік бағдармалардың әкімшісі немесе жергілікті атқарушы орган)

Жалпы құны _____ мың теңге (жобалардың

құны көрсетіледі) _____ бюджеттік инвестициялық жоба іске асырылуда, оның

ішінде (саны) 20 _____ жылы _____ бюджет қаражаты есебінен (ағымдағы жыл) (республикалық немесе жергілікті) _____ мың теңге бөлінді.

Инвестициялық жобалардың қаржыландыру жоспары 20 __ жылғы _____ мың теңгені құрады. (есепті кезең)

20 _____ жылғы _____ кассалық атқарылу _____ мың теңгені құрады. (есепті кезең)

Есепті кезеңге арналған жоспарға қарағанда игерілмеу сомасы _____ мың

теңгені немесе _____ %-ды құрады.

1. Есепті кезеңде жалпы құны _____ мың теңге _____ (саны) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруды аяқтау жоспарланды, олар

бойынша 20 __ жылы _____ мың теңге бөлінді. (ағымдағы жыл)

Қаржыландыру жоспары 20 __ жылғы _____ мың теңгені (есепті кезең)

құрады, кассалық атқарылуы _____ мың теңгені немесе _____ %-ды құрады.

_____ нәтижесінде есепті кезеңге арналған (себебін көрсету) жоспарға қарағанда игерілмеген сома _____ мың теңгені немесе

_____ %-ды құрады.

Оның ішінде:

1. есепті кезеңде жалпы құны _____ мың теңге _____ бюджеттік инвестициялық

жобаны іске асыру толығымен (саны) аяқталды, оның ішінде 20 _____ жылы _____ мың теңге бөлінді.

(ағымдағы жыл)

20 __ жылғы _____ қаржыландыру жоспары _____ мың (есепті кезең)

теңгені құрады, кассалық атқарылуы _____ мың теңгені немесе _____ %-

ды құрады.

Аяқталған бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша мынадай тікелей нәтижелерге

қол жеткізілді:

- 1) _____ ;
- 2) _____ ;
- 3) _____ ;
- 4) _____ ;
- n) _____ .

(қол жеткізілген нәтижелерді мемлекеттік органның мемлекеттік жоспарлау жүйесінің

даму жоспарында және құжаттарында көзделген индикаторларға сәйкес көрсету қажет)

_____ нәтижесінде есепті кезеңге арналған (себебін көрсету) жоспарға қарағанда игерілмеген сома _____ мың теңгені немесе _____ %-ды құрады.

2) жалпы құны _____ бюджеттік инвестициялық _____ (саны) құны

_____ мың теңге, оның ішінде 20__ жылы _____ мың теңге бөлінді (ағымдағы жылға).

Қаржыландыру жоспары _____ 20__ (есепті кезең) қасалық атқарылуы _____ мың теңгені немесе _____ %-ды құрады.

_____ нәтижесінде есепті кезеңге арналған (себебін көрсету) жоспарға қарағанда игерілмеген сома _____ мың теңгені немесе _____ %-ды құрады.

Жобаларды іске асыру мынадай себептер бойынша аяқталмаған:

1) объектіні пайдалануға мемлекеттік қабылдау рәсімдерінің ұзақ жүргізілуіне байланысты _____ объекті _____ пайдалануға беріледі;

(саны) (пайдалануға беру күні)

2) жобалық және техникалық шешімдердің өзгеруіне байланысты инвестициялық жобалар құнының қымбаттауы нәтижесінде _____ объекті _____

_____ жылы (саны) (пайдалануға беру күні) аяқталады;

3) _____ жоба мемлекеттік сатып алу рәсімдерін уақтылы жүргізбеу (саны) және/немесе

созылмалы сипатта жүргізу нәтижесінде (конкурсты кеш, қайталап өткізу, әлеуетті өнім берушілердің болмауы);

4) _____ жоба шарт тараптарының өз міндеттемелерін уақтылы және (саны) адал

орындамауына байланысты;

5) және басқалары (басқа себептерді сипаттау). Бюджеттік инвестициялық жобаларды

аяқтау жөнінде қабылданған шаралар.

2. Аяқтау мерзімі мемлекеттік органның даму жоспарына және операциялық жоспарына сәйкес кейінгі жылдары жалпы құны _____ мың теңгеге көзделген,

20 _____ жылы _____ мың теңге бөлінген _____ бюджеттік инвестициялық жобалар іске асырылады.

20 _____ жылғы _____ қаржыландыру жоспары _____ мың теңгені (есепті кезең)

құрады, кассалық атқарылуы _____ мың теңгені немесе _____ %-ды құрады.

_____ нәтижесінде есепті кезеңге арналған жоспарға қарағанда (себебін

көрсету) игерілмеген сома _____ мың теңгені немесе %-ды _____ құрады.

Оның ішінде салалар бойынша:

Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер жалпы құны _____ мың теңге _____ жоба

іске асырылуда.

Осы жобаларды іске асыруға 20 _____ жылы _____ мың теңге бөлінді.

20 _____ жылғы _____ қаржыландыру жоспары _____ мың теңгені құрады. (есепті кезең)

20 _____ жылғы _____ кассалық атқарылуы _____ мың теңгені құрады. (есепті кезең)

есепті кезеңге арналған жоспарға қарағанда игерілмеу сомасы _____ мың теңгені немесе _____ % - ды құрады.

1. Есепті кезеңде жалпы құны _____ мың теңге _____ (саны) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруды аяқтау жоспарланды, олар

бойынша 20 _____ жылы _____ мың теңге бөлінді. (ағымдағы жыл) 20 _____ жылғы _____ қаржыландыру жоспары _____ мың теңгені (есепті кезең) құрады, кассалық атқарылуы _____ мың теңгені немесе _____ %-ды құрады.

_____ нәтижесінде есепті кезеңге арналған жоспарға қарағанда игерілмеген (себебін көрсету) сома _____ мың теңге немесе _____ % құрады.

Оның ішінде:

1) жалпы құны _____ мың теңге _____ бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру толығымен аяқталды, оның ішінде 20 _____

жылы

_____ мың теңге (ағымдағы жылға) бөлінді.

20 _____ жылғы _____ қаржыландыру жоспары _____ мың теңгені (есепті кезең)

кұрады, кассалық атқарылу _____ мың теңгені нем _____ %-ды құрады.

Аяқталған бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша даму жоспарында және мемлекеттік органның Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген индикаторларға сәйкес қол жеткізілген тікелей нәтижелерді көрсету қажет.

_____ нәтижесінде есепті кезеңге арналған жоспарға қарағанда игерілмеген (себебін көрсету) сома _____ мың теңге немесе _____ % құрады.

2) жалпы құны _____ мың теңге _____ бюджеттік инвестициялық жоба (саны) аяқталған жоқ, оның ішінде 20 _____ жылы _____ мың теңге бөлінді.

(ағымдағы жылға) 20 _____ жылғы _____ қаржыландыру жоспары _____

мың

теңгені құрады. (есепті кезең) кассалық атқарылу _____ мың теңгені немесе _____

%-

ды құрады. _____ нәтижесінде есепті кезеңге арналған жоспарға (себебін көрсету) қарағанда игерілмеу сомасы _____ мың теңгені немесе _____

_____%-ды құрады.

Жобаларды іске асыру мынадай себептер бойынша аяқталмаған:

1) объектіні пайдалануға мемлекеттік қабылдау рәсімдерінің ұзақ жүргізілуіне байланысты _____ нысан _____ пайдалануға (пайдалануға беру күні) беріледі; (саны)

2) жобалық және техникалық шешімдердің өзгеруіне байланысты инвестициялық жобалар құнының қымбаттауы нәтижесінде, _____ (саны) _____ (енгізілген күні) аяқталады.

3) мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізудің уақтылы және/немесе ұзаққа созылған

сипатының (саны) салдарынан _____ жоба (конкурсты кешірек, қайта өткізу, әлеуетті

өнім берушілердің болмауы);

4) шарт тараптарының міндеттемелерді мерзімінде орындамауы және жосықсыз орындауына байланысты _____ жоба (саны) бойынша;

5) және басқалар (басқа себептерді сипаттаңыз). Бюджеттік инвестициялық жобаларды

аяқтау бойынша қабылданған шаралар.

2. Аяқтау мерзімі мемлекеттік органның даму жоспарына және операциялық

жоспарына сәйкес кейінгі жылдары жалпы құны _____ мың теңгеге көзделген,

20 _____ жылы _____ мың теңге бөлінген _____ бюджеттік

инвестициялық жобалар іске асырылады.

20 ____ жылғы _____ қаржыландыру жоспары _____ мың теңгені (есепті кезең)

кұрады, кассалық атқарылу _____ мың теңгені немесе _____ %-ды құрады.

_____ нәтижесінде (себебін көрсету) есепті кезеңге арналған жоспарға қарағанда игерілмеген сома ____ мың теңгені немесе _____ % құрады.

Қорғаныс Жалпы құны _____ мың теңге _____ жоба іске асырылуда.

Осы жобаларды іске асыруға 20 ____ жылы _____ мың теңге бөлінді.

Қаржыландыру жоспары 20 _____ мың теңгені құрады. (есепті кезең)

Кассалық орындау 20 _____ мың теңгені құрады. (есепті кезең)

